

Анықтама

Мектебімізде "Даналық мектебі" клубы аясында "Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер" тақырыбында аталар мектебінің алғашқы отырысы өткізілді.

Мақсаты: балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін күшейту, бала тәрбиесінде оң мәдениетті дамыту.

Кездесуді мектеп директоры Алиева Гүлім Сабитбекқызы ашып, орталықты ашудағы мақсат-міндеттерге тоқталып өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов А.М орталық бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, алдағы уақытқа жоспарланып отырған іс-шараларды таныстырды.

Отырыс барысында әкенің балаға, атаның немереге беретін тәрбиенің маңыздылығы жайында сөз қозғалды. Аталарымыз бүгінгі қоғамдағы тәрбиенің олқылықтарына тоқталып, өзара пікір алмасты. Аталар мектебінің мүшелері орталықтың алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Шежіре – бір ұлттың шығу тегін тармақтап ұрпаққа, руға таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Сондықтан қазақ ұрпағына шежіре білуді міндет деп қарайды.

Өз ұрпағына жеті атасын үйрету баяғыдан келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Мұның туыстық жағынан маңызы зор екенін халқымыз ерте түсінген және оны берік ұстанып келген.

Жеті атаны білу үрдісі әлем бойынша тек қазақтарда ғана бар екенін түсіндіріп өтті. Осы орайда «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білмеген – жетесіз», «Қыз алсаң тектіден ал», «Текті жерден қыз алсаң, төрден орын аларсың, тексіз жерден қыз алсаң, ұятқа көп қаларсың» деген ұлағатты сөздерге тоқталды. Отбасында жеті ата шежіресін сақтау, оны танып білу, шежіре тарихын білу, елдік, халықтық шежірені насихаттау мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға оқушылар қызығушылық танытып, өз ойларын ортаға салып, пікір алмасып, белсенділік танытты. Оқушыларға салт- дәстүр туралы, жеті ата туралы сұрақтар қойылды.